

Талғар ауданының Құрмет грамотасымен наградау туралы ережесін бекіту туралы

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 маусымдағы № 31-153 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 10 шілдеде № 4762 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес, Талғар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Талғар ауданының Құрмет грамотасымен наградау туралы ережесі бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Талғар аудандық мәслихаты аппаратының басшысы А. Умирзақовқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы*

Б. Құдабаев

Ж. Еңкебайұлы

Талғар аудандық мәслихатының 2018 жылғы " 25" маусымдағы № 31-153 шешімімен бекітілген

Талғар ауданының Құрмет грамотасымен наградау туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Талғар ауданының Құрмет грамотасымен наградау туралы ереже " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Талғар ауданының Құрмет грамотасымен наградау тәртібін айқындайды.

2. Талғар ауданының Құрмет грамотасы (бұдан әрі – Құрмет грамотасы) маңызды моральдық ынталандырма, азаматтардың жемісті қызметін қоғамның мойындауын білдіру болып табылады.

3. Құрмет грамотасымен қызмет саласында кем дегенде 5 жыл қызмет өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі, білім берудегі, денсаулық сақтаудағы,

әскери және мемлекеттік қызметтегі, қоғамдық, мемлекеттік, қайырымдылық қызметтегі елеулі жетістіктері үшін наградталады.

2. Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі

4. Талғар ауданы әкіміне наградтауға ұсынысты жергілікті өкілді және атқарушы органдар, шығармашылық одақтар, еңбек ұжымдары және басқа да ұйымдар енгізеді.

5. Құрмет грамотасымен наградтау туралы қолдау хат тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), туылған күнін, білімі туралы мәліметтерді, жұмыс орнын (жарғылық құжаттарына сәйкес ұйымның толық атауын және қолдау хат енгізілген күндегі атқаратын лауазымының толық атауын көрсете отырып), еңбек қызметі туралы, наградалары мен құрметті атақтары туралы мәліметтерді көрсете отырып мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімделеді.

6. Дұрыс рәсімделмеген және наградтауға дейін он жұмыс күннен кем мерзімде келіп түскен қолдау хат Талғар ауданы әкімінің қарауына қабылданбайды.

7. Кезекті наградаға ұсыну алдыңғы наградтау күнінен бастап бес жыл өткен соң ғана мүмкін.

8. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі.

Құрмет грамотасын Талғар ауданының әкімі тапсырады, сондай-ақ Талғар ауданы әкімінің атынан және оның тапсыруы бойынша Құрмет грамотасын ауылдық округ әкімдері және Талғар ауданының әкімі уәкілдік берген басқа да тұлғалар тапсыра алады.

9. Құрмет грамотасына Талғар ауданы әкімінің қолы қойылады.

10. Құжаттарды жүргізуді және есепке алуды Талғар ауданы әкімінің аппаратымен жүзеге асырылады.

11. Құрмет грамотасының тапсырылғаны туралы тапсыру хаттамасы жасалады, награданы тапсырған тұлғаның қолы қойылады және награданы тапсырған органның мөрімен бекітіледі және үш жұмыс күні ішінде Талғар ауданы әкімі аппаратына жолданады.